Сотының  
жанындағы Соттардың қызметін  
қамтамасыз  
ету департаментінің (Қазақстан  
Республикасы

## **Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісі филиалдарының тізімі**

1. Петропавл қалалық сотының кеңсесі;
2. Петропавл қаласының № 2 сотының кеңсесі;
3. Айыртау аудандық сотының кеңсесі;
4. Айыртау ауданының № 2 аудандық сотының кеңсесі;
5. Ақжар аудандық сотының кеңсесі;
6. Аққайың аудандық сотының кеңсесі;
7. Ғ.Мүсірепов атындағы аудандық сотының кеңсесі;
8. Ғ.Мүсірепов атындағы ауданның № 2 аудандық сотының кеңсесі;
9. Есіл аудандық сотының кеңсесі;
10. Жамбыл аудандық сотының кеңсесі;
11. Қызылжар аудандық сотының кеңсесі;
12. М.Жұмабаев аудандық сотының кеңсесі;
13. Мамлют аудандық сотының кеңсесі;
14. Тайынша аудандық сотының кеңсесі;
15. Тайынша ауданының № 2 аудандық сотының кеңсесі;
16. Тайынша ауданының № 3 аудандық сотының кеңсесі;
17. Тимирязев аудандық сотының кеңсесі;
18. Уәлиханов аудандық сотының кеңсесі;
19. Шал ақын аудандық сотының кеңсесі;
20. Петропавл қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының кеңсесі;
21. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсесі;
22. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңсесі;
23. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсесі.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісі туралы ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісі

(бұдан әрі – Соттар әкімшісі) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) (бұдан әрі – Департамент) аумақтық органы болып табылады.

2. Соттар әкімшісі Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Соттар әкімшісі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың бірыңғай жүйесіне кіреді.

4. Соттар әкімшісі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы жазылған мөрлері, мөртаңбалары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары болады.

5. Соттар әкімшісі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан қатысады.

6. Соттар әкімшісінің құрылымы мен штат саны Соттар әкімшісі басшысының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жалпы штат саны лимиті шегінде Департамент басшысымен бекітіледі.

7. Соттар әкімшісінің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 160011, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы қаласы, Түркістан көшесі, №87 үй.

8. Соттар әкімшісінің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Соттар әкімшісінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

**2. Соттар әкімшісінің міндеттері, функциялары мен құқықтары**

10. Соттар әкімшісінің негізгі міндеттері облыстық, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың, оның ішінде Шымкент гарнизоны әскери

сотының қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

11. Соттар әкімшісі белгіленген өкілеттіктер шегінде мына функцияларды жүзеге асырады:

- 1) соттардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- 2) судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 3) сот приставтарының қызметіне ұйымдық және әдістемелік басшылық жасау;
- 4) Департаментке жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпарат дайындау;
- 5) заңнамада белгіленген тәртіппен соттардың жұмысын кадрлық қамтамасыз ету;
- 6) облыстық сот төрағасының, облыстық сот органдарының жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 7) облыстық соттың төрағасы мен жалпы отырысы қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
- 8) судьялар мен сот қызметкерлері жүктемелерінің нормативтерін әзірлеу;
- 9) жергілікті және басқа да соттар мен сот кеңселерінің ғимараттарын, үй-жайларын және басқа да объектілерін салуды, жөндеуді және техникалық жабдықтауды ұйымдастыру;
- 10) жергілікті және басқа да соттар мен сот кеңселерінің үй-жайларын және басқа да мүлкін күзетуді ұйымдастыру;
- 11) сот статистикасын жүргізу;
- 12) судьялар мен сот кеңселері қызметкерлерінің жеке есебін жүргізу;
- 13) бухгалтерлік есеп мен есептілікті заңнамаға сәйкес жүргізу;
- 14) судьяларды, оның ішінде отставкадағы судьяларды және соттар кеңселерінің қызметкерлерін заңнамаға сәйкес материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 15) соттардың іс қағаздарын және мұрағаттарының жұмысын жүргізу;
- 16) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен соттардың қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- 17) жергілікті және басқа да соттардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 18) жергілікті және басқа да соттардың халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекеттерінің соттарына құқықтық көмек көрсету бойынша жұмысын қамтамасыз ету;

19) соттарда мемлекеттік құпия мен ақпараттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

20) сот оқуы, судьялардың, сот қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және олардың тағылымдамадан өтуі жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

21) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Соттар әкімшісіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

12. Соттар әкімшісі өз құзыретінің шегінде:

1) белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға;

2) өз құзыретінің шеңберінде аудандық және оған теңестірілген соттардың кеңселерінде тексеру жүргізуге;

3) Облыстық сот төрағасының келісімі бойынша Департамент басшысына судьялар мен жергілікті және басқа да соттардың қызметкерлерінің еңбегін қорғау, оларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың иелігіндегі кез келген қолжетімді ақпараттық деректер қорын пайдалануға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### **3. Соттар әкімшісінің қызметін ұйымдастыру**

13. Соттар әкімшісін облыстық соттың жалпы отырысының келісімімен Департамент басшысы қызметке тағайындайтын басшы басқарады.

14. Соттар әкімшісі басшысын қызметтен босатуды Департамент басшысы жүзеге асырады. Облыстық соттың жалпы отырысы Департамент басшысына Соттар әкімшісінің басшысын қызметтен босату туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

15. Соттар әкімшісі басшысының орынбасарлары болады. Оларды Соттар әкімшісінің ұсынымы бойынша Департамент басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

16. Соттар әкімшісінің басшысы Соттар әкімшісінің қызметін ұйымдастырады және басшылық жасауды жүзеге асырады, өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілік көтереді;

Осы мақсатта Соттар әкімшісінің басшысы:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Соттар әкімшісінің (филиалдарды қоса) қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;



2) сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемкорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауапкершілік көтереді;

3) Соттар әкімшісінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

4) Соттар әкімшісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін (лауазымдық нұсқаулықтарын) бекітеді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Соттар әкімшісінің қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету немесе тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

6) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен, азаматтармен және ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Соттар әкімшісінің атынан өкілдік етеді;

7) Департамент басшысына соттар қызметкерлерінің штат санын белгілеу туралы ұсыныстар енгізеді;

8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

17. Аудандық және оған теңестірілген соттың кеңсесі Соттар әкімшісінің филиалдары болып табылады (филиалдар тізімі қоса беріледі).

18. Аудандық және оған теңестірілген сот кеңсесінің меңгерушісі судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру бойынша қызметін қамтамасыз етеді, іс қағаздарын жүргізуді және мұрағат жұмысын ұйымдастырады, сот статистикасын жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **4. Соттар әкімшісінің мүлігі**

19. Соттар әкімшісінің жедел басқару құқығында республикалық меншікке жататын бөлек мүлкі болады.

20. Соттар әкімшісінің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен құралады және негізгі әрі айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ құны Соттар әкімшісінің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

21. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлармен шектерді қоспағанда өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқылы емес.

#### **5. Соттар әкімшісін қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Соттар әкімшісін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сотының  
жанындағы Соттардың қызметін  
қамтамасыз ету  
Жоғары Соты аппаратының) Оңтүстік  
Қазақстан  
облысы бойынша Соттар әкімшісі  
туралы Ережеге  
қосымша

## **Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісі филиалдарының тізімі**

1. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсесі;
2. Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының кеңсесі;
3. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңсесі;
4. Шымкент қаласының Еңбекші аудандық сотының кеңсесі;
5. Шымкент қаласының Абай аудандық сотының кеңсесі;
6. Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық сотының кеңсесі;
7. Шымкент қаласының Қаратау аудандық сотының кеңсесі;
8. Мақтаарал аудандық сотының кеңсесі;
9. Мақтаарал ауданы №2 аудандық сотының кеңсесі;
10. Мақтаарал ауданы №3 аудандық сотының кеңсесі;
11. Сарыағаш ауданының мамандандырылған әкімшілік сотының кеңсесі;
12. Сарыағаш аудандық сотының кеңсесі;
13. Сарыағаш ауданы №2 аудандық сотының кеңсесі;
14. Отырар аудандық сотының кеңсесі;
15. Шардара аудандық сотының кеңсесі;
16. Қазығұрт аудандық сотының кеңсесі;
17. Ордабасы аудандық сотының кеңсесі;
18. Сайрам аудандық сотының кеңсесі;
19. Түркістан қалалық сотының кеңсесі;
20. Созақ аудандық сотының кеңсесі;
21. Арыс аудандық сотының кеңсесі;
22. Түлкібас аудандық сотының кеңсесі;
23. Кентау қалалық сотының кеңсесі;
24. Төлеби аудандық сотының кеңсесі;
25. Бәйдібек аудандық сотының кеңсесі;
26. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсесі.

Қазақстан Республикасы Жоғары  
Сотының  
жанындағы Соттардың қызметін  
қамтамасыз

ету департаменті (Қазақстан  
Республикасы  
Жоғары Сотының аппараты)  
басшысының  
2016 жылғы 4 ақпандағы  
№ 6000-16-7-6/27 бұйрығына  
15-қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Астана қаласы бойынша Соттар әкімшісі туралы ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Астана қаласы бойынша Соттар әкімшісі (бұдан әрі – Соттар әкімшісі) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) (бұдан әрі – Департамент) аумақтық органы болып табылады.

2. Соттар әкімшісі Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Соттар әкімшісі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың бірыңғай жүйесіне кіреді.

4. Соттар әкімшісі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы жазылған мөрлері, мөртаңбалары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары болады.

5. Соттар әкімшісі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан қатысады.

6. Соттар әкімшісінің құрылымы мен штат саны Соттар әкімшісі басшысының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жалпы штат саны лимиті шегінде Департамент басшысымен бекітіледі.

7. Соттар әкімшісінің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сауран көшесі, №32 үй.

8. Соттар әкімшісінің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Астана қаласы бойынша Соттар әкімшісі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Соттар әкімшісінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

## 2. Соттар әкімшісінің міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Соттар әкімшісінің негізгі міндеттері қалалық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың, оның ішінде Қазақстан Республикасының Әскері сотының, Ақмола гарнизоны әскери, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарының қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

11. Соттар әкімшісі белгіленген өкілеттіктер шегінде мына функцияларды жүзеге асырады:

- 1) соттардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- 2) судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 3) сот приставтарының қызметіне ұйымдық және әдістемелік басшылық жасау;
- 4) Департаментке жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпарат дайындау;
- 5) заңнамада белгіленген тәртіппен соттардың жұмысын кадрлық қамтамасыз ету;
- 6) қалалық сот төрағасының, қалалық сот органдарының жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 7) қалалық соттың төрағасы мен жалпы отырысы қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
- 8) судьялар мен сот қызметкерлері жүктемелерінің нормативтерін әзірлеу;
- 9) жергілікті және басқа да соттар мен сот кеңселерінің ғимараттарын, үй-жайларын және басқа да объектілерін салуды, жөндеуді және техникалық жабдықтауды ұйымдастыру;
- 10) жергілікті және басқа да соттар мен сот кеңселерінің үй-жайларын және басқа да мүлкін күзетуді ұйымдастыру;
- 11) сот статистикасын жүргізу;
- 12) судьялар мен сот кеңселері қызметкерлерінің жеке есебін жүргізу;
- 13) бухгалтерлік есеп мен есептілікті заңнамаға сәйкес жүргізу;
- 14) судьяларды, оның ішінде отставкадағы судьяларды және соттар кеңселерінің қызметкерлерін заңнамаға сәйкес материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 15) соттардың іс қағаздарын және мұрағаттарының жұмысын жүргізу;
- 16) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен соттардың қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

17) жергілікті және басқа да соттардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

18) жергілікті және басқа да соттардың халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекеттерінің соттарына құқықтық көмек көрсету бойынша жұмысын қамтамасыз ету;

19) соттарда мемлекеттік құпия мен ақпараттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

20) сот оқуы, судьялардың, сот қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және олардың тағылымдамадан өтуі жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

21) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Соттар әкімшісіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

12. Соттар әкімшісі өз құзыретінің шегінде:

1) белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға;

2) өз құзыретінің шеңберінде аудандық және оған теңестірілген соттардың кеңселерінде тексеру жүргізуге;

3) Қалалық сот төрағасының келісімі бойынша Департамент басшысына судьялар мен жергілікті және басқа да соттардың қызметкерлерінің еңбегін қорғау, оларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың иелігіндегі кез келген қолжетімді ақпараттық деректер қорын пайдалануға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### **3. Соттар әкімшісінің қызметін ұйымдастыру**

13. Соттар әкімшісін облыстық соттың жалпы отырысының келісімімен Департамент басшысы қызметке тағайындайтын басшы басқарады.

14. Соттар әкімшісі басшысын қызметтен босатуды Департамент басшысы жүзеге асырады. Облыстық соттың жалпы отырысы Департамент басшысына Соттар әкімшісінің басшысын қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді.

15. Соттар әкімшісі басшысының орынбасарлары болады. Оларды Соттар әкімшісінің ұсынымы бойынша Департамент басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

16. Соттар әкімшісінің басшысы Соттар әкімшісінің қызметін ұйымдастырады және басшылық жасауды жүзеге асырады, өзіне жүктелген

міндеттердің орындалуы мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілік көтереді;

Осы мақсатта Соттар әкімшісінің басшысы:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Соттар әкімшісінің (филиалдарды қоса) қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемкорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауапкершілік көтереді;

3) Соттар әкімшісінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

4) Соттар әкімшісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін (лауазымдық нұсқаулықтарын) бекітеді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Соттар әкімшісінің қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету немесе тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

6) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен, азаматтармен және ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Соттар әкімшісінің атынан өкілдік етеді;

7) Департамент басшысына соттар қызметкерлерінің штат санын белгілеу туралы ұсыныстар енгізеді;

8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

17. Аудандық және оған теңестірілген соттың кеңсесі Соттар әкімшісінің филиалдары болып табылады (филиалдар тізімі қоса беріледі).

18. Аудандық және оған теңестірілген сот кеңсесінің меңгерушісі судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру бойынша қызметін қамтамасыз етеді, іс қағаздарын жүргізуді және мұрағат жұмысын ұйымдастырады, сот статистикасын жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **4. Соттар әкімшісінің мүлгі**

19. Соттар әкімшісінің жедел басқару құқығында республикалық меншікке жататын бөлек мүлкі болады.

20. Соттар әкімшісінің мүлкі оған мемлекет берген мүлкінің есебінен құралады және негізгі әрі айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ құны Соттар әкімшісінің балансында көрсетілетін өзге де мүлкінен тұрады.

21. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлармен шектерді қоспағанда өзіне бекітілген мүлкіні өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқылы емес.

## 5. Соттар әкімшісін қайта ұйымдастыру және тарату

22. Соттар әкімшісін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Сотының  
жанындағы Соттардың қызметін  
қамтамасыз ету  
департаментінің (Қазақстан  
Республикасы  
Жоғары Соты аппаратының) Астана  
қаласы  
бойынша Соттар әкімшісі туралы  
Ережеге  
қосымша

### Астана қаласы бойынша Соттар әкімшісі филиалдарының тізімі

1. Алматы аудандық сотының кеңсесі;
2. Алматы ауданының №2 аудандық сотының кеңсесі;
3. Есіл аудандық сотының кеңсесі;
4. Есіл ауданының №2 аудандық сотының кеңсесі;
5. Сарыарқа аудандық сотының кеңсесі;
6. Сарыарқа ауданының №2 аудандық сотының кеңсесі;
7. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсесі;
8. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсесі;
9. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсесі;
10. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңсесі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Сотының  
жанындағы Соттардың қызметін  
қамтамасыз  
ету департаменті (Қазақстан  
Республикасы  
Жоғары Сотының аппараты)  
басшысының  
2016 жылғы 4 ақпандағы  
№ 6000-16-7-6/27 бұйрығына  
16-қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Алматы қаласы бойынша Соттар әкімшісі туралы ЕРЕЖЕ**

#### 1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы бойынша Соттар әкімшісі (бұдан әрі – Соттар әкімшісі) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) (бұдан әрі – Департамент) аумақтық органы болып табылады.

2. Соттар әкімшісі Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Соттар әкімшісі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың бірыңғай жүйесіне кіреді.

4. Соттар әкімшісі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы жазылған мөрлері, мөртаңбалары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары болады.

5. Соттар әкімшісі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан қатысады.

6. Соттар әкімшісінің құрылымы мен штат саны Соттар әкімшісі басшысының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жалпы штат саны лимиті шегінде Департамент басшысымен бекітіледі.

7. Соттар әкімшісінің заңды мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 66-үй.

8. Соттар әкімшісінің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) Алматы қаласы бойынша Соттар әкімшісі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Соттар әкімшісінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

## **2. Соттар әкімшісінің міндеттері, функциялары мен құқықтары**

10. Соттар әкімшісінің негізгі міндеттері қалалық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың, оның ішінде Алматы гарнизоны әскери сотының қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету болып табылады.

11. Соттар әкімшісі белгіленген өкілеттіктер шегінде мына функцияларды жүзеге асырады:

1) соттардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;



- 2) судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 3) сот приставтарының қызметіне ұйымдық және әдістемелік басшылық жасау;
- 4) Департаментке жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпарат дайындау;
- 5) заңнамада белгіленген тәртіппен соттардың жұмысын кадрлық қамтамасыз ету;
- 6) қалалық сот төрағасының, қалалық сот органдарының жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 7) қалалық соттың төрағасы мен жалпы отырысы қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
- 8) судьялар мен сот қызметкерлері жүктемелерінің нормативтерін әзірлеу;
- 9) жергілікті және басқа да соттар мен сот кеңселерінің ғимараттарын, үй-жайларын және басқа да объектілерін салуды, жөндеуді және техникалық жабдықтауды ұйымдастыру;
- 10) жергілікті және басқа да соттар мен сот кеңселерінің үй-жайларын және басқа да мүлкін күзетуді ұйымдастыру;
- 11) сот статистикасын жүргізу;
- 12) судьялар мен сот кеңселері қызметкерлерінің жеке есебін жүргізу;
- 13) бухгалтерлік есеп мен есептілікті заңнамаға сәйкес жүргізу;
- 14) судьяларды, оның ішінде отставкадағы судьяларды және соттар кеңселерінің қызметкерлерін заңнамаға сәйкес материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 15) соттардың іс қағаздарын және мұрағаттарының жұмысын жүргізу;
- 16) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен соттардың қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- 17) жергілікті және басқа да соттардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 18) жергілікті және басқа да соттардың халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекеттерінің соттарына құқықтық көмек көрсету бойынша жұмысын қамтамасыз ету;
- 19) соттарда мемлекеттік құпия мен ақпараттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;
- 20) сот оқуы, судьялардың, сот қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және олардың тағылымдамадан өтуі жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 21) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алматы қаласының Соттар әкімшісіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

12. Соттар әкімшісі өз құзыретінің шегінде:

1) белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға;

2) өз құзыретінің шеңберінде аудандық және оған теңестірілген соттардың кеңселерінде тексеру жүргізуге;

3) Қалалық сот төрағасының келісімі бойынша Департамент басшысына судьялар мен жергілікті және басқа да соттардың қызметкерлерінің еңбегін қорғау, оларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың иелігіндегі кез келген қолжетімді ақпараттық деректер қорын пайдалануға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### **3. Соттар әкімшісінің қызметін ұйымдастыру**

13. Соттар әкімшісін қалалық соттың жалпы отырысының келісімімен Департамент басшысы қызметке тағайындайтын басшы басқарады.

14. Соттар әкімшісі басшысын қызметтен босатуды Департамент басшысы жүзеге асырады. Қалалық соттың жалпы отырысы Департамент басшысына Соттар әкімшісінің басшысын қызметтен босату туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

15. Соттар әкімшісі басшысының орынбасарлары болады. Оларды Соттар әкімшісінің ұсынымы бойынша Департамент басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

16. Соттар әкімшісінің басшысы Соттар әкімшісінің қызметін ұйымдастырады және басшылық жасауды жүзеге асырады, өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілік көтереді;

Осы мақсатта Соттар әкімшісінің басшысы:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Соттар әкімшісінің (филиалдарды қоса) қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауапкершілік көтереді;

3) Соттар әкімшісінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

4) Соттар әкімшісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін (лауазымдық нұсқаулықтарын) бекітеді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Соттар әкімшісінің қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету немесе тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

6) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен, азаматтармен және ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Соттар әкімшісінің атынан өкілдік етеді;

7) Департамент басшысына соттар қызметкерлерінің штат санын белгілеу туралы ұсыныстар енгізеді;

8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

17. Аудандық және оған теңестірілген соттың кеңсесі Соттар әкімшісінің филиалдары болып табылады (филиалдар т (филиалдар тізімі қоса беріледі).

18. Аудандық және оған теңестірілген сот кеңсесінің меңгерушісі судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру бойынша қызметін қамтамасыз етеді, іс қағаздарын жүргізуді және мұрағат жұмысын ұйымдастырады, сот статистикасын жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **4. Соттар әкімшісінің мүлігі**

19. Соттар әкімшісінің жедел басқару құқығында республикалық меншікке жататын бөлек мүлкі болады.

20. Соттар әкімшісінің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен құралады және негізгі әрі айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ құны Соттар әкімшісінің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

21. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлармен шектерді қоспағанда өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқылы емес.

#### **5. Соттар әкімшісін қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Соттар әкімшісін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Сотының  
жанындағы Соттардың қызметін  
қамтамасыз ету  
департаментінің (Қазақстан  
Республикасы

Жоғары Соты аппаратының) Алматы  
қаласы  
бойынша Соттар әкімшісі туралы  
Ережеге  
қосымша

### **Алматы қаласы бойынша Соттар әкімшісі филиалдарының тізімі**

1. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсесі;
2. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының кеңсесі;
3. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсесі;
4. Алмалы аудандық сотының кеңсесі;
5. Алмалы ауданының №2 аудандық сотының кеңсесі;
6. Әуезов аудандық сотының кеңсесі;
7. Әуезов ауданының №2 аудандық сотының кеңсесі;
8. Бостандық аудандық сотының кеңсесі;
9. Бостандық ауданының №2 аудандық сотының кеңсесі;
10. Жетісу аудандық сотының кеңсесі;
11. Жетісу ауданының №2 аудандық сотының кеңсесі;
12. Медеу аудандық сотының кеңсесі;
13. Түрксіб аудандық сотының кеңсесі;
14. Алатау аудандық сотының кеңсесі;
15. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсесі;
16. Медеу ауданының №2 аудандық сотының кеңсесі;
17. Наурызбай аудандық сотының кеңсесі.

Қазақстан Республикасы Жоғары  
Сотының  
жанындағы Соттардың қызметін  
қамтамасыз  
ету департаменті (Қазақстан  
Республикасы  
Жоғары Сотының аппараты)  
басшысының  
2016 жылғы 4 ақпандағы  
№ 6000-16-7-6/27 бұйрығына  
17-қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Әскери соттың әкімшісі туралы  
ЕРЕЖЕ**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Әскери соттың әкімшісі (бұдан әрі – Соттар әкімшісі) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) (бұдан әрі – Департамент) аумақтық органы болып табылады.

2. Соттар әкімшісі Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Соттар әкімшісі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі органдардың бірыңғай жүйесіне кіреді.

4. Соттар әкімшісі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның өз атауы жазылған мөрлері, мөртаңбалары және банктерде шоттары болады.

5. Соттар әкімшісі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан қатысады.

6. Соттар әкімшісінің штат кестесін Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат санының жалпы лимиті шегінде Соттар әкімшісі басшысының ұсынымы бойынша Департамент басшысы бекітеді.

7. Соттар әкімшісінің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы 010000, Астана қаласы, Омаров көшесі, № 57-үй.

8. Соттар әкімшісінің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Әскери соттың әкімшісі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Соттар әкімшісінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

## **2. Соттар әкімшісінің міндеттері, функциялары мен құқықтары**

10. Соттар әкімшісінің негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының Әскери сотының және гарнизондық әскери соттардың қызметін ұйымдық қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы әскери сотының және гарнизондық әскери соттарының материалдық – техникалық қызметі тиісті Астана, Алматы қалаларының және жергілікті облыстық Соттар әкімшілерімен қамтамасыз етіледі.

11. Соттар әкімшісі белгіленген өкілеттіктер шегінде мына функцияларды жүзеге асырады:

- 1) судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 2) сот приставтарының қызметін ұйымдық және әдістемелік басшылық жасау;
- 3) Департаментке республикалық әскери соттардың қызметін ұйымдық, және өзге де қамтамасыз етудің жай-күйі туралы ақпарат дайындау;
- 4) заңнамада белгіленген тәртіппен соттардың жұмысын кадрлық қамтамасыз ету;
- 5) Қазақстан Республикасының Әскери соты төрағасының, сот органдарының жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 6) Әскери сотының сот төрағасы мен жалпы отырысы қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
- 7) судьялар мен сот қызметкерлері жүктемелерін зерттеу
- 8) сот статистикасын жүргізу;
- 9) судьялар мен сот кеңселері қызметкерлерінің жеке есебін жүргізу;
- 10) бухгалтерлік есеппен есептілікті заңнамаға сәйкес жүргізу;
- 11) судьяларды, оның ішінде отставкадағы судьяларды және Соттар Әкімшісінің қызметкерлерін заңнамаға сәйкес материалдық және әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 12) соттардың іс қағаздарын және мұрағаттарының жұмысын жүргізу;
- 13) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен соттардың қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- 14) республикалық әскери соттардың бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 15) жергілікті және басқа да соттардың халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекеттерінің соттарына құқықтық көмек көрсету бойынша жұмысын қамтамасыз ету;
- 16) соттарда мемлекеттік құпия мен ақпараттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;
- 17) сот оқу, судьялардың, сот қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және олардың тағылымдамадан өтуі жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 18) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Соттар әкімшісіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

12. Соттар әкімшісі өз құзыретінің шегінде:

- 1) белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға;

2) өз құзыреті шеңберінде гарнизондық әскери соттардың кеңселерінде тексеру жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының Әскери соты төрағасының келісімі бойынша Департамент басшысына республикалық әскери соттардың судьялары мен қызметкерлерінің еңбегін қорғау, оларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың иелігіндегі кез келген қолжетімді ақпараттық деректер қорын пайдалануға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### **3. Соттар әкімшісінің қызметін ұйымдастыру**

13. Соттар әкімшісін Әскери соттың жалпы отырысының келісімімен Департамент басшысы қызметке тағайындалатын басшы басқарады.

14. Соттар әкімшісі басшысын қызметтен босатуды Департамент басшысы жүзеге асырады. Әскери соттың жалпы отырысы Департамент басшысына Соттар әкімшісінің Басшысын қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді.

15. Соттар әкімшісінің басшысы Соттар әкімшісінің қызметін ұйымдастырады және басшылық жасауды жүзеге асырады, өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілік көтереді;

Осы мақсатта Соттар әкімшісінің басшысы:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Соттар Әкімшісінің (филиалының) қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар үшін дербес жауапкершілік көтереді;

3) Соттар әкімшісінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

4) Соттар әкімшісінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін (лауазымдық нұсқаулықтарын) бекітеді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен Соттар әкімшісі(филиалдарының) қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету немесе тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

6) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен, азаматтармен және ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Соттар әкімшісі атынан өкілдік етеді;

7) Департамент басшысына Соттар әкімшісінің (филиалдарының) қызметкерлерінің штат санын белгілеу туралы ұсыныстар енгізеді;

8) Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша бұйрықтар шығарады.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

16. Гарнизондық әскери соттардың кеңселері Соттар әкімшісінің филиалдары болып табылады (филиалдар тізімі қоса беріледі).

17. Гарнизондық әскери соты кеңсесінің меңгерушісі судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметін қамтамасыз етеді, іс қағаздарын жүргізуді және мұрағат жұмысын ұйымдастырады, сот статистикасын жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **4. Соттар әкімшісінің мүлігі**

18. Соттар әкімшісінің жедел басқару құқығында республикалық меншікке жататын бөлек мүлкі болады.

19. Соттар әкімшісінің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен құралады және негізгі әрі айналымдағы қаражаттан, сондай-ақ құны Соттар әкімшісінің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

20. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлармен шектерді қоспағанда өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен иелік етуге құқылы емес.

#### **5. Соттар әкімшісін қайта ұйымдастыру және тарату**

22. Соттар әкімшісін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Сотының  
жанындағы Соттардың қызметін  
қамтамасыз  
ету департаментінің (Қазақстан  
Республикасы  
Жоғары Соты аппаратының) бойынша  
Әскери соттың әкімшісі туралы  
Ережеге  
қосымша

#### **Әскери соттың әкімшісі филиалдарының тізімі**

1. Ақмола гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
2. Алматы гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
3. Ақтау гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
4. Ақтөбе гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
5. Қарағанды гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
6. Қостанай гарнизоны әскери сотының кеңсесі;



7. Өскемен гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
8. Семей гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
- 9.Талдықорған гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
- 10.Шымкент гарнизоны әскери сотының кеңсесі;
11. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотының кеңсесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК